

**الوسائل المفيدة للحياة السعيدة
(للحرمين و الجمعية)**

**Бақытты өмірге жетелейтін
тиімді жолдар**

Бақытты өмірге жетелейтін тиімді жолдар

Шейх Абдуррахман ибн Насыр әс-Сағди.

Бақытты өмірге жетелейтін тиімді жолдар

Жазған

**Шейх Абдуррахман ибн Насыр Әс-Сағди
(Алла оны рахымына алсын)**

Кіріспе

Бүкіл мадақ Өзіне ғана тиесілі Аллаға лайық. Мен ешбір серігі жоқ, Жалғыз Алладан басқа құлшылыққа лайық құдайдың жоқ екеніне және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін. Оған, оның отбасы мен сахабаларына Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Ал, бұдан кейін: Расында, жүректің тыныштығы мен жай табуы, оның қуанышқа бөленуі, уайым-қайғыдан арылуы – әрбір адамның іздегені болып табылады. Бұл арқылы адам баянды өмірге қол жеткізіп, оның тіршілігі қуаныш пен шаттыққа толы болады. Мұның діни, табиғи және іс жүзіндегі (практикалық) себептері бар. Олардың барлығы тек мүміндердің бойында жинақталады. Ал басқасына келсек, олардың

ақыл иелері қанша күш салып, белгілі бір себеппен бір жағынан бұған қол жеткізсе де, олар оның әлдеқайда пайдалы, тұрақты әрі қазіргі жағдайы мен соңы жақсырақ болған жақтарын жіберіп алады.

Алайда, мен осы шағын еңбегімде әркім ұмтылатын осы ең жоғары мақсатқа жетудің есіме түскен кейбір себептерін атап өтемін.

Олардың арасында осының көп бөлігіне қол жеткізіп, рахатты да игілігі мол өмір сүргендер бар. Сондай-ақ, оның бәрінен мақұрым қалып, бейнетті де бақытсыз ғұмыр кешкендер де бар. Ал енді біреулері өзіне нәсіп болған үлесіне қарай, осы екеуінің ортасында қалған. Барлық жақсылықта жәрдем беруші де, барлық жамандықтан сақтауын сұрап жалбарынамыз да — Алла!

БӨЛІМ: ИМАН ЖӘНЕ ІЗГІ АМАЛ

Ал, бұған (бақытты өмірге) апаратын себептердің ең ұлысы, негізі әрі тірегі — иман мен ізгі амал. Ұлы Алла айтты:

﴿مَنْ عَمِلَ صَالِحًا مِّن ذَكَرٍ أَوْ أَنْتَبَىٰ وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَلَنُحْيِيَنَّهٗ حَيٰوةً طَيِّبَةً وَلَنَجْزِيَنَّهُمْ أَجْرَهُم بِأَحْسَنِ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ٩٧﴾

"Ер немесе әйелден кім иманды мүмін болған күйі ізгі амал істесе, оған жақсы өмір сүргіземіз. Сондай-ақ, олардың сыйын істеген амалдарынан артық етіп қайтарамыз 97" [Нахл:97].

Осылай, Алла Тағала иман мен ізгі амалдарды біріктіргендерді осы дүниеде жақсы өмір, әрі осы дүние және мәңгілік мекенде оларға бұдан да зор сыйлық болатынын хабарлап, уәде етті.

Мұның себебі айқын. Себебі, Аллаға шынайы иман келтірген, сол иманы жүректерді, мінез-құлықты, дүниені де, ақыретті де түзететін ізгі амалдарға бастайтын мүміндерде өздеріне келетін барлық қуаныш пен шаттық себептерін, сондай-ақ, мазасыздық, уайым мен қайғы себептерін де қабылдайтын берік негіздер бар.

Олар сүйіспеншілік пен шаттыққа бөленген жақсылықтарды қабыл алып, оған шүкіршілік етіп, игі іске жұмсаса, бұл олардың жақсылығы мен берекесі жағынан әуелгі жеткен жақсылықтардан да асып түсуіне, сол нығметтердің тұрақтылығы мен берекесін үміт етуге және шүкір етушілердің сауабын күтуге — сенім тудырады.

Олар қиындық пен зиян түрлеріне, уайым мен қайғыға кезіккенде, мүмкіндігінше оған қарсы тұрып, жеңілдетуге тырысады. Амалы таусылған іске көркем сабырлық көрсетеді. Осылайша, олар қиындықтардан пайдалы қарсыласу қабілетін, тәжірибе мен күш-қуат алады. Ал, сабыр етіп, сауаптан үміт еткенде, олар зор игіліктерге қол жеткізеді; сол

игіліктер арқасында қиындықтар жойылып, орнына қуаныш, ізгі үміт және Алланың кеңшілігі мен сауабына деген үміт келеді. Бұл туралы Пайғамбар ﷺ сахих хадисінде былай деген:

«عَجَبًا لِأَمْرِ الْمُؤْمِنِ، إِنَّ أَمْرَهُ كُلَّهُ خَيْرٌ، إِنْ أَصَابَتْهُ سَرَاءٌ شَكَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ، وَإِنْ أَصَابَتْهُ ضَرَاءٌ صَبَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ، وَلَيْسَ ذَلِكَ لِأَحَدٍ إِلَّا لِلْمُؤْمِنِ»

«Муминнің жайына таң қаласың! Шындығында, оның кез-келген жайында жақсылық бар: егер оған бір қуаныш жетсе, ол шүкір етеді — бұл оған жақсылық болады; ал егер оған бір қиындық келсе, ол сабыр етеді — бұл да оған жақсылық болады, және бұл (ерекшелік) муминнен басқа ешкімге берілмеген» Муслим риуаят еткен.

Пайғамбар ﷺ мүміннің басына түскен әрбір қуаныш пен қиындықта оның игіліктері мен амалдарының жемісі еселене түсетінін хабарлаған. Сол себепті, басына жақсылық немесе жамандық түскен екі адамның оны қабылдауында орасан зор айырмашылық болады. Бұл — олардың иманы мен ізгі амалдарындағы айырмашылықтарға байланысты. Осы екі сипат иесі жақсылық пен жамандықты, жоғарыда айтылған, шүкіршілік пен сабырмен және соларға ілесетін амалдармен қарсы алады. Соның нәтижесінде ол қуаныш пен шаттыққа бөленіп, уайым-

қайғы, мазасыздық, жанның қысылуы және өмірдің ауыртпалығынан арылып, осы дүниеде игі өмірге қол жеткізген болады. Ал, екіншісі жақсылықтарға жеткенде тәкаппарланып, шектен шығады. Сөйтіп, оның мінез-құлқы бұзылып, ол (жақсылықтарды) хайуан сияқты ашкөздікпен және тойымсыздықпен қабылдайды. Сонымен қоса, оның жаны байыз таппай, жүрегі тынышсыз, ойы шашыраңқы болады. Ол сүйікті нәрселерінен айырылып қалудан қорқады, олардан туындайтын кедергілерден де қысылады. Оның үстіне, нәпсі ешбір шекпен тоқтамай, үнемі қолы жетер-жетпес басқа дүниелерге құмартады. Тіпті, қалағанына қол жеткізген жағдайдың өзінде, ол осы себептерден уайымнан арылмайды. Ал, басына қиындық түскенде, оны мазасыздықпен, төзімсіздік, қорқыныш және тітіркенумен қабылдайды. Ондай адамның өміріндегі бақытсыздық, ой-саналық және жүйкелік аурулары, тіпті оны ең ауыр хәлдерге әрі ең мазасыз күйге жеткізетін қорқыныштары жайлы сұрамай-ақ қой; өйткені ол сауап үміт етпейді, әрі оның жанын жұбатып, қиындығын жеңілдететін сабыры да жоқ.

Мұның бәрі — тәжірибе жүзінде айқын байқалатын жайт. Егер осындай жағдайға тереңірек үңіліп, оны адамдардың хал-ахуалымен салыстырып қарасаң, иманына сай

амал ететін мұмин мен ондай болмаған адамның арасындағы зор айырмашылықты анық көрер едің. Өйткені, дін адамды Алланың берген ризығына, сондай-ақ Өзінің сан алуан кеңшілігі мен жомарттығынан құлдарына нәсіп еткен нығметтеріне қанағат етуге барынша үндейді.

Мүмін адам ауруға, кедейлікке немесе кез келген адам тап болатын басқа да сынақтарға ұшыраса, өзінің иманының және Алланың өлшеп бергеніне қанағат етіп, разы болуының арқасында жүрегі тыныш болады. Ол жүрегімен өзіне жазылмаған нәрсені талап етпейді; өзінен төмен жағдайдағыға қарап, өзінен жоғары болғанға қарамайды. Тіпті кейде оның қуанышы, шаттығы және ішкі тыныштығы дүниелік барлық қалауларына жеткенімен, қанағат берілмеген адамнан да артық болуы мүмкін.

Сол сияқты, иманының талабына сай амал етпейтін адамның басына кедейлік сияқты бір сынақ түссе немесе дүниедегі кейбір қажеттіліктерінен айырылса, зор бақытсыздық пен қайғыға батқанын көресін.

Тағы бір мысал: адамға қорқыныш себептері төніп, жайсыздықтар келген кезде, иманы дұрыс кісінің жүрегі орнықты, жаны тыныш болады. Ол өзіне тап болған істі ойымен, сөзі және ісімен шамасы келгенше басқара алады.

Ол кенеттен келген мұндай жайсыздыққа өзін алдын-ала дайындаған болып шығады. Мұндай жағдайлар адамға тыныштық сыйлап, жүрегін орнықтырады.

Ал иманы жоқ адамның жағдайы бұған мүлдем қарама-қайшы. Қандай да бір қауіп төнсе, оның ішкі дүниесі алай-дүлей болып, жүйкесі тозып, ойы шашырап, жүрегін үрей мен қорқыныш билейді. Оның бойын сыртқы қорқыныш пен сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес ішкі мазасыздық жаулап алады. Мұндай адамдар, егер көп жаттығуды қажет ететін табиғи қасиеттер арқылы өздерін шыңдамаса, олардың күш-қуаты сарқылып, жүйкелері тозады. Мұның бәрі, әсіресе, қиын-қыстау кезеңдер мен қайғылы да мазасыз жағдайларда сабыр етуге жетелейтін иманның жоқтығынан болады.

Ізгі адам мен күнәһардың, мұмин мен кәпірдің жүре келе батылдыққа ие болуда және қорқынышты жеңілдетуде табиғи түйсігі болады. Бірақ, мұмин иманының беріктігімен, сабырлығымен, Аллаға тәуекел етіп, Оған арқа сүйеуімен және сауабын тек Одан ғана күтуімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттер оның батылдығын арттырып, қорқынышын сейілтеді және қиындықтарын жеңілдетеді. Бұл жайында Алла Тағала былай деген:

﴿...إِنْ تَكُونُوا تَأْلُمُونَ فَإِنَّهُمْ يَأْلُمُونَ كَمَا تَأْلُمُونَ وَتَرْجُونَ مِنْ اللَّهِ مَا لَا يَرْجُونَ...﴾

"...Егер сендер күйзелген болсаңдар, расында, олар да сендер күйзелгендей күйзелуде. Негізінен сендер Алладан олар үміт етпеген нәрсені үміт етесіңдер..." [Ниса:104]. Оларға қорқынышты сейілтетін Алла Тағаланың көмегі, ерекше жәрдемі мен қуаты нәсіп болады. Ұлы Алла былай деді:

﴿...وَأَصْبِرُوا إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ﴾

"...және сабырлы болыңдар. Расында, Алла сабырлылармен бірге" [Әнфал: 46].

Жаратылыстарға сөзбен және амалмен жақсылық жасау Қайғы мен уайым, күйзелісті сейілтетін себептердің бірі — жаратылғандарға сөзбен, іспен және басқа да игілің түрлері арқылы жақсылық жасау. Бұлардың бәрі жақсылық пен ізгіліктің көрінісі болып табылады. Алла тағала осы арқылы ізгі адам және күнәһардың қорқынышы мен уайымын ісіне сай жеңілдетеді. Алайда, мүмін үшін бұл артық мол сый мен үлес әкеледі, өйткені оның жақсылығы шын ниет және сауап үміт етумен жасалады.

Осылайша, Алла оған үміт ететін жақсылығы үшін игілік жасауды жеңілдетіп, ықыласы мен сауап үміт етуі себепті оны жамандықтардан қорғайды. Алла Тағала айтты:

﴿لَا خَيْرَ فِي كَثِيرٍ مِّن نَّجْوَاهُمْ إِلَّا مَنْ أَمَرَ بِصَدَقَةٍ أَوْ مَعْرُوفٍ أَوْ إِصْلَاحٍ بَيْنَ
النَّاسِ وَمَن يَعْمَلْ ذَلِكَ اتَّبِعْهُ إِنَّهُ يَجْزِيهِ أَجْرًا عَظِيمًا 114﴾

"Құпия сұхбаттардың көбінде еш қайыр жоқ. Тек кім Аллаға жақындау мақсатында садақа беруді немесе құпталғанды, не адамдардың арасын жарастыруды бұйырмаса. Кім мұны Алланың ризалығын іздеп істесе, жақында оған ұлы сый береміз 114" [Ниса:114].

Алла Тағала бұл істердің барлығының оны жасаған адам үшін жақсылық екенін хабарлады. Жақсылық жақсылықты келтіріп, жамандықты сейілтеді. Сондай-ақ, үміт еткен мүминге Алла зор сауап береді. Сол зор сауаптың қатарына уайым-қайғының, күйзелістің және сол секілді жайттардың сейілуі де кіреді.

Бөлім: Пайдалы істермен немесе пайдалы ғылыммен айналысу

Жүйке тозуынан туындаған мазасыздықты және көңілді күпті ететін ойларды сейілтудің бір себебі – пайдалы іспен немесе ғылыммен айналысу. Өйткені бұл істер жүректі өзін мазалаған нәрседен алшақтатып, ойын басқа жаққа аударады. Осының (пайдалы іспен немесе біліммен айналысудың) арқасында ол өзіне уайым мен қайғы әкелген себептерді ұмытып кетуі мүмкін, сондай-ақ, оның жаны қуанып, белсенділігі артады. Бұл – иман

келтіргенге де, өзгелерге де ортақ жайт. Алайда, мумин өз иманымен, ықыласымен және сауап үміт етуімен ерекшеленеді: ол үйреніп жүрген немесе үйретіп жүрген білімінде де, жасап жүрген игі ісінде де осы ниетті ұстанады. Егер ол құлшылық болса — ол шынайы ғибадат; ал, егер дүниелік жұмыс немесе әдет болса, оған ізгі ниет қосып, сол арқылы Аллаға арналған құлшылыққа жәрдем болуын мақсат етеді. Сондықтан оның бұл істері уайым, қайғы мен мұңды сейілтуде ерекше әсерге ие болады. Қаншама адам күйзеліс пен үздіксіз мазасыздыққа ұшырап, түрлі ауруларға шалдыққан! Ал, оның ең тиімді емі — өзін мазалаған себепті ұмытып, маңызды істерінің бірімен айналысуы болады.

Адамның айналысатын ісі нәпсісі ұнататын әрі құмартатын іс болғаны дұрыс, өйткені бұл пайдалы мақсатқа жетуге көбірек ықпал етеді. Алла жақсырақ біледі.

Бүкіл ой-сананы бүгінгі іске шоғырландыру. Уайым мен мазасыздықты жеңілдететін жайт – бар ойды бүгінгі күннің ісіне шоғырландырып, оны келешек уақытқа алаңдаудан және өткен уақытқа қайғырудан арылту. Сол себепті Пайғамбарымыз ﷺ уайым мен қайғыдан пана тілеген. Өйткені, қайтаруға да, түзетуге де болмайтын өткен істерге қайғырудың пайдасы жоқ. Ал, келешектен қорқу себебінен

туындайтын уайым зиян келтіреді. Сондықтан, пенде тек бүгінгі күнімен өмір сүріп, бар ынта-жігерін қазіргі күні мен уақытын дұрыстауға жұмсауы тиіс. Ойды осыған шоғырландыру амалдардың кемел орындалуына себеп болып, пенде сол арқылы уайым мен қайғыдан арылып, жұбаныш табады. Пайғамбар ﷺ бір дұға жасағанда немесе үмметін бір дұғаға нұсқағанда, ол тек Алладан жәрдем сұрап, Оның кеңшілігін үміт етумен шектелмей, сонымен бірге сұраған нәрсесіне қол жеткізу үшін бар күш-жігермен тырысуға үндейтін. Дұға амалмен қатар жүретіндіктен, пенде өзінен кетіруін сұраған нәрсесінен аулақ болып, діні мен дүниесіне пайдалы істерде ыждағаттылық танытады. Ол Раббысынан мақсатының орындалуын сұрап, сол істе Одан жәрдем тілейді. Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай:

(أَحْرَصُ عَلَى مَا يَنْفَعُكَ وَاسْتَعْنِ بِاللَّهِ وَلَا تَعْجِزْ، وَإِذَا أَصَابَكَ شَيْءٌ فَلَا تَقُلْ: لَوْ أَنِّي فَعَلْتُ كَذَا كَانَ كَذَا وَكَذَا، وَلَكِنْ قُلْ: قَدَّرَ اللَّهُ وَمَا شَاءَ فَعَلَ، فَإِنْ لَوْ تَفَتَّحُ عَمَلُ الشَّيْطَانِ)

«Өзіңе пайда әкелетінге талпын! Осалдық танытпай, Алладан көмек сұра. Егер саған бір қайғы келсе: «Әттеген-ай, осылай да осылай істегенімде ғой!»–деме, бірақ: «Бұл—Алланың жазмышы, Алла қалағанын істеді», - де. Өйткені «егер де» деген сөзің шайтанның ісіне жол ашады» Муслим риуаят еткен. Осылайша,

Пайғамбар ﷺ әр жағдайда пайдалы істерге талпынуды, Алладан көмек сұрауды және зиянды жалқаулық болып табылатын әлсіздікке берілмеуді, өтіп кеткен істерді мойындау және Алланың қазасы мен тағдырын қабылдауды үйлестірді.

Істер екіге бөледі: біріншісі — пенденің қолынан келетін немесе мүмкін болғанынша бір бөлігін жүзеге асыра алатын, не болмаса оны (толық) қайтаруға немесе оны жеңілдетуге шамасы келетін істер. Міне, осындай істерде пенде бар күш-жігерін жұмсап, өзі құлшылық ететін Жаратушысынан жәрдем тілейді. Ал екінші бөлігі — құлдың шамасы келмейтін (шамасынан тыс болған) істер. Мұндайда құл жүрегін тыныштандырып, разы болып, бойсұнады. Күмәнсіз, осы негізді ұстану — қуанышқа бөлену және уайым-қайғыдан арылудың себебі екенінде күмән жоқ.

БӨЛІМ: АЛЛАНЫ КӨП ЕСКЕ АЛУ

Көкіректің ашылып, жай табуының ең үлкен себептерінің бірі – Алланы көп еске алу. Өйткені, мұның көкіректі ашып, оны жай таптыруға және уайым-қайғысын сейілтуге ғажайып әсері бар. Алла Тағала былай деді:

{...أَلَا بِذِكْرِ اللَّهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ}

"...Біліңдер! Жүректер Алланы еске алумен тыныштық тауып, орнығады" [Рағд:28].

Сондықтан, Алланы еске алу ерекше әсерге ие: пенде Оның сауабы мен сыйақысын үміт еткенде, бұл оған мақсатқа жетуге зор септігін тигізеді.

Алланың ашық (көзге көрінер) және жасырын нығметтері жайлы айту. Сондай-ақ, Алланың көрінеу және жасырын нығметтерін танып білу және соны айту арқылы Алла Тағала уайым мен қайғыны сейілтеді әрі құлын, тіпті ол кедейлік, дерт немесе басқа да сынақ түрлеріне душар болса да, ең жоғары әрі ең биік мәртебе болып саналатын шүкіршілікке ынталандырады. Өйткені, егер ол өзіне берілген Алланың сан-санақсыз нығметтері мен басына түскен қиындықты салыстырса, бұл қиындықтың нығметтердің қасында еш салыстыруға келмейтінін көреді.

Керісінше, Алла Тағала құлын жағымсыз істер мен қиындықтар арқылы сынағанда, әлгі құл сабырлық, ризашылық және мойынсұну міндетін орындаса, бұл сынақтардың ауыртпалығы жеңілдеп, салмағы азаяды. Құлдың сол сынақтар үшін берілетін сауаптан үміттенуі әрі сабырлық пен ризашылық таныту міндетін атқару арқылы Аллаға құлшылық етуі ащы нәрселерді тәттіге айналдырады да, сауаптың тәттілігі оған сабырдың ащылығын ұмыттырады.

Өзімізден төмен (жағдайы біздікінен нашар) болғандарға назар салу. Осы орайдағы ең пайдалы амалдардың бірі – Пайғамбардың ﷺ сахих хадисінде былай деп нұсқағанын қолдану:

(انظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ أَسْفَلُ مِنْكُمْ وَلَا تَنْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ فَوْقَكُمْ فَإِنَّهُ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزِدُّوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ)

"Өздеріңнен жоғарыдағыларға қарамаңдар, өздеріңнен төмендегілерге қараңдар! Өйткені бұл сендерге Алланың жасаған мейірімін аз деп ойламауларың үшін жақсы". Муслим риуаят еткен. Өйткені, Алланың құлы осы ұлы жайтты көз алдына қойса, халі қандай болса да, өзінің амандық-саулық пен оған қатысты игіліктерде, сондай-ақ ризық-несібе мен оған қатысты нығметтерде жаратылғандардың көбінен артық екенін көреді. Сонда оның мазасыздығы, уайым-қайғысы сейіліп, өзінен төмен дәрежедегілерге қарағанда артық берілген Алланың нығметтеріне деген қуанышы мен шаттығы арта түседі.

Құл Алланың айқын әрі жасырын, діни және дүниелік игілік-нығметтері туралы ой жүгірткен сайын, Раббысының оған игілік беріп, одан көптеген жамандықтарды қайтарғанына көзі жетеді. Сөзсіз, бұл уайым-қайғыны сейілтіп, қуаныш пен шаттық сыйлайды.

БӨЛІМ: УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕРДІ ЖОЮҒА ЖӘНЕ ҚУАНЫШ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҰМТЫЛУ

Қуанышқа бөлеп, уайым-қайғыны кетіретін себептердің бірі – уайым тудыратын себептерді жоюға және қуаныш әкелетін жайттарға қол жеткізуге ұмтылу. Бұл – қайтару мүмкін емес, бастан өткен жағымсыз істерді ұмыту арқылы жүзеге асады. Себебі ол туралы ойлау – бос әурешілік, мүмкін емес нәрсе, тіпті ақымақтық пен ессіздік болып табылады. Сондықтан, адам ол туралы ойламау үшін жүрегімен күреседі. Сол сияқты, болашақта болады, деп ойдан шығарған кедейлік, қорқыныш немесе басқа да жағымсыздықтарға қатысты уайымға салынбау үшін жүрегімен күреседі. Адам болашақтағы істерде қандай жақсылық пен жамандық, үміт пен қайғы-мұң болатыны белгісіз екенін және олардың барлығы Үстем әрі Дана Алланың қолында екенін біледі. Ал, пенделердің қолынан келетіні – тек оның жақсылығына жетуге ұмтылу және зиянын қайтаруға әрекет ету ғана. Сондай-ақ, пенде болашағына алаңдаудан ойын басқаға бұрып, ісінің оңалуы үшін Раббысына тәуекел етіп, сол істе Оған сенім артса, жүрегі тыныштық тауып,

іс-жағдайы түзеледі де, уайымы мен мазасыздығы сейіледі.

Дұғаны қолдану. Болашақ істерді ойластыруда ең пайдалы нәрселердің бірі — Пайғамбарымыз ﷺ үнемі айтатын мына дұғасы:

«اللَّهُمَّ أَصْلِحْ لِي دِينِي الَّذِي هُوَ عِصْمَةُ أَمْرِي وَأَصْلِحْ لِي دُنْيَايَ الَّتِي فِيهَا مَعَاشِي، وَأَصْلِحْ لِي آخِرَتِي الَّتِي إِلَيْهَا مَعَادِي، وَاجْعَلْ الْحَيَاةَ زِيَادَةً لِي فِي كُلِّ خَيْرٍ، وَالْمَوْتَ رَاحَةً لِي مِنْ كُلِّ شَرٍّ»

/Аллаһумма аслих ли диний әлләзи һуа 'исмату әмри, уа аслих ли дүняйя әлләзи фиһа ма'аший, уа аслих ли ахиротий әлләзи илайһа ма'адий, уа ж'ал әл-хаята зийадатан ли фи кулли хойр, уаәл-маута рохатан ли мин кулли шар/.

«Я, Аллах! Мен үшін менің барлық ісімде маған қорған болатын дінімді реттеп бер! Сондай-ақ, мен өмір сүріп отырған осы дүниені де реттеп бер. Сонымен бірге, мен оған оралатын мәңгілік өмірді де реттеп бер! Сондай-ақ, маған өмірімді игіліктерді арттыру үшін, өлімімді барлық жаманшылықтан құтылу үшін нәсіп еткейсін!»

Муслим риуаят еткен. Сондай-ақ мына сөзі:

«اللَّهُمَّ رَحْمَتَكَ أَرْجُو فَلَا تَكِلْنِي إِلَى نَفْسِي طَرْفَةَ عَيْنٍ وَأَصْلِحْ لِي شَأْنِي كُلَّهُ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ»

/Аллаһумма рохматикә арджу фәлә такилни илә нафси торфата 'айн, уа аслих ли ша'ни кулләһу, ла иләәһә иллә әнта/.

«Уа, Алла! Рақымыңды үміт етемін, мені көз қағым сәтке де өз нәпсіме тапсыра көрме!

Менің барлық ісімді реттеп бергейсін. Сенен басқа құлшылыққа лайық құдай жоқ!» Бұл хадисті Әбу Дауд сенімді иснадпен келтірген. Егер пенде діні мен дүниесінің болашағына игілік әкелетін осы дұғаны шын ықыласпен, таза ниетпен айтып, сол мақсатына жетуге талпынса, Алла оның сұрағанын, үміт еткенін және сол жолдағы амалын жүзеге асырып, уайым-қайғысын қуаныш пен шаттыққа айналдырады.

Бөлім: Ең нашар жағдайларды есепке алу

Пенде басына бір қиындық түскен кезде уайым-қайғыдан арылудың ең пайдалы себептерінің бірі – яғни істің ең нашар нәтижесін алдын ала болжап, өзін сол үшін дайындауы. Осыны істегеннен кейін, қолынан келгенше жағдайды жеңілдетуге тырысуы керек. Осындай дайындық пен пайдалы талпыныстың арқасында оның уайым-қайғысы сейіліп, бұл әрекеті пенде үшін пайдалы нәрселерді арттырып, қолынан келетін зиянды қайтаруға септігін тигізеді.

Егер адамның басына қорқыныш тудыратын жағдайлар, түрлі аурулар, кедейлік немесе өзінің сүйікті нәрселерінен айырылу сынды қиындықтар келсе, оны жүрек тыныштығымен және жанын соған, тіпті оның ең ауырына да

дайындаумен қарсы алуы керек. Өзін қиындыққа дайындау оны жеңілдетіп, ауырлығын азайтады, әсіресе өз мүмкіндігіне қарай сол қиындықты жеңуге тырысса. Сол кезде жүректі дайындау мен пайдалы әрекет жасау бір-бірімен үйлесіп, адамды сынаққа алаңдамай ұстайды, қиындыққа төтеп беру күшін жаңартуға көмектеседі, әрі осы іс-әрекеттерінде Аллаға сеніп, Оған толық сенім артса, күдіксіз, бұл тәсілдің әсері зор — ол қуаныш әкеліп, жүректі орнықтырады, сөйтіп адам шын сауапқа үміттенеді. Бұл тәжірибе жүзінде дәлелденген және оны қолданғандардың мысалдары көп.

Бөлім: Жүректің қуаты, мазасызданбауы және толқымауы.

Жүректің жүйке дерттеріне, тіпті дене ауруларына да ең ұлы емнің бірі – жүректің қуаттылығы, әрі жаман ойлар алып келетін негізсіз қиялдарға мазасызданбауы мен берілмеуі. Ашу-ыза, тынышсыздық, жағымсыз жайттардың болуын немесе жақсы көрген нәрсесінен айырылуды күту секілді ауыр себептер адамды уайым-қайғыға, жүрек және дене ауруларына, сондай-ақ зиянды салдарын адамдар көп көрген жүйке жүйесінің бұзылуына душар етеді.

Аллаға тәуекел ету. Қашан жүрек Аллаға сүйеніп, Оған тәуекел етсе, күмәндар мен жаман ойларға берілмей, Аллаға сенім артып, Оның кеңшілігінен үміт етсе, сол кезде уайым-қайғыдан арылып, көптеген тән және жүрек дерттерінен айығады да, жүрек айтып жеткізу мүмкін емес күшке, тыныштық пен қуанышқа ие болады. Қаншама ауруханалар күмән мен бұзық қиялдарға шалдыққан науқастарға толы. Бұл нәрселер әлсіздерді айтпағанның өзінде, көптеген күшті жандардың жүректеріне әсер етіп, қаншасын ақымақтық пен жындылыққа ұшыратты! Аман қалатын адам – ол Алланың Өзі сақтап, жүректі қуаттандыратын әрі оның мазасыздығын кетіретін пайдалы себептерге жету үшін нәпсісімен күресуге жәрдем берген пендесі. Алла Тағала былай дейді:

{...وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ...}

"...Кім Аллаға тәуекел етсе, оған Оның Өзі жетіп асады..." [Талақ:3]. Яғни: оның діні мен дүниесіне қатысты оны толғандыратын барлық нәрсеге жеткілікті.

Аллаға тәуекел етушінің жүрегі мықты болады. Оған жалған ойлар әсер етпейді және кездейсоқ оқиғалар оның мазасын алмайды. Себебі мұның нәпсі әлсіздігінен және шындыққа жанаспайтын қорқақтық пен үрейден екенін біледі. Сонымен қатар, Алла

Өзіне тәуекел еткенді толық қамқорлығына алуға кепілдік бергенін де біледі. Сондықтан, Аллаға сеніп, Оның уәдесімен тыныштық табады. Нәтижесінде, оның уайымы мен мазасыздығы сейіліп, қиындығы жеңілдікке, қайғысы қуанышқа, қорқынышы амандыққа алмасады. Алла Тағаладан амандық-саулық, бізге жүрек күші мен тұрақтылығын, сондай-ақ тәуекел иелеріне барлық жақсылықты уәде етіп, әрбір жағымсыздық пен зияннан сақтайтынына кепілдік берген кәміл тәуекел нәсіп етуін сұраймыз.

Тарау: Жанды өзгелердің кемшіліктеріне сабыр етуге бейімдеу

Пайғамбардың ﷺ бір сөзінде:

«لَا يَرْكَ مُؤْمِنٌ مُؤْمِنَةً إِلَّا كَرِهَ مِنْهَا خُلُقًا رَضِيَ مِنْهَا خُلُقًا آخَرَ»

«Мумин еркек, мумин әйелді жек көрмеу керек! Өйткені оның бір мінезі ұнамаса, басқа бір мінезі ұнайды» Хадисті Муслим риуаят етті.

Екі ұлы пайда:

Біріншісі – әйеліңмен, туысыңмен, досыңмен, әріптесіңмен, жалпы, сенімен қарым-қатынасы мен байланысы бар кез келген адаммен мәміле жасауға жол көрсету. Ол үшін өзіңді олардың бойында міндетті түрде бір кемшілік, нұқсан немесе өзіңе ұнамайтын бір істің болатынына іштей дайындауың керек. Егер оның бойынан сондай нәрсені байқасаң, назарыңды сол

нәрсеге аударудың орнына, оның бойындағы жақсы қасиеттерді, сондай-ақ арадағы жеке және жалпы мақсаттарды еске алу арқылы қарым-қатынастың беріктігі мен сүйіспеншілікті сақтап қалудың қаншалықты маңызды екенін ойлағаның жөн. Кемшіліктерге осылайша көз жұмып, жақсылықтарды ескеру арқылы арадағы достық пен байланыс ұзаққа созылады, әрі жаның жай тауып, тыныштық орнайды.

Екінші пайдасы: уайым-қайғы мен мазасыздық жойылып, жүрек тыныштығы сақталады. Сондай-ақ міндетті және абзал саналатын құқықтар тұрақты орындалып, екі жақтың арасында тыныштық орнайды. Кімде-кім Пайғамбардың ﷺ айтқан осы нұсқауын басшылыққа алмаса, керісінше, істі теріс айналдырып, тек жаман жақтарын байқап, жақсы қасиеттеріне көз жұматын болса, онда оның уайымға салынатыны сөзсіз. Әрі оның өзімен байланыста болған адаммен арадағы сүйіспеншілігі бұзылып, екеуінің де сақтауы тиіс болған көптеген құқықтары үзіледі.

Рухы биік көптеген жандар апаттар мен күйзеліс туындаған кезде, өздерін сабырлық пен байсалдылыққа баулиды. Алайда, олар болмашы, ұсақ-түйек істерде уайымға салынып, көңіл тыныштығынан айырылады. Мұның себебі – олар өздерін тек үлкен істерге

ғана дайындап, кішігірім істерді ескерусіз қалдырған. Соның кесірінен бұл оларға зиян тигізіп, тыныштығына әсер етеді. Ал, парасатты адам өзін үлкенді-кішілі істердің барлығына дайындап, Алладан сол істерге жәрдем беруін және оны бір қас қағым сәтке де өз жайына тастап қоймауын сұрайды. Сонда оған үлкен іс қалай жеңіл болса, кіші іс те солай жеңіл болады. Нәпсісі орнығып, жүрегі тыныштық тауып, жаны жай табады.

Бөлім: Уайым-қайғыға берілмеу жайлы

Ақыл иесі өзінің дұрыс өмірі – бақыт пен тыныштық өмірі екенін және оның өте қысқа екенін біледі. Сондықтан, оған өмірін уайымға салынып, қайғы-мұңға берілумен қысқартуына болмайды, өйткені бұл дұрыс өмір сүруге қайшы келеді. Ол өмірінің басым бөлігінің уайым мен қайғының жемі болып, зая кетуіне жол бермейді. Бұл мәселеде ізгі адам мен күнәһар арасында айырмашылық жоқ. Алайда, мүминнің бұл сипатқа ие болудағы үлесі әлдеқайда зор және оның бұл дүние мен ақыреттегі несібесі де пайдалы.

Алла Тағаланың нығметтері мен басына түскен қиыншылықты салыстыру. Сондай-ақ, егер адамға бір жайсыздық жетсе немесе содан (жетуінен) қорықса, ол өзінде бар діни не дүниелік нығметтерді басына түскен сол

қиыншылықпен салыстыруы керек. Салыстырған кезде өзінің қаншалықты көп нығметке ие екенін, ал басына түскен қиыншылықтың сол нығметтердің жанында түкке тұрғысыз екенін біледі.

Сондай-ақ, ол өзіне зиян тию қаупі мен одан аман қалудың көптеген мүмкіндіктерін салыстырып, әлсіз ықтималдың көптеген басым ықтималдарды жеңуіне жол бермейді. Соның арқасында оның уайымы мен қорқынышы сейіледі. Ол басына түсуі мүмкін ең жаман жағдайды ойша мөлшерлеп, егер ол орын алған жағдайда, соған өзін дайындайды. Сондай-ақ әлі болмағанның алдын алуға, ал болып қойғанды жоюға немесе зардабын жеңілдетуге тырысады.

Адамдардың зиянына алаңдамасаң, оның кесірі өздеріне тиеді. Пайдалы істердің бірі – адамдардың, әсіресе олардың жаман сөздерінің зияны саған емес, керісінше, өздеріне тиетінін білуің. Егер сол сөздерге көңіл бөліп, олардың сезімдерінді билеуіне жол берсең ғана, олардың зияны өздеріне тигені сияқты саған да тиеді. Ал, егер оған мән бермесең, ол саған ешқандай зиян келтірмейді.

Өміріңді пайдалы ойлармен игі етуге тырыс. Сенің өмірің ойларыңа тәуелді екенін біліп қой! Егер ойларың дініңе не дүниеге пайдасы тиетін

нәрселерге бағытталса, онда өмірің де игі әрі бақытты болады. Әйтпесе, бәрі керісінше.

Қарым-қатынастарың жаратылыстар үшін емес, Аллаһ үшін болу керек. Уайым-қайғыны сейілтетін ең пайдалы істердің бірі – өзіңді шүкірді тек Алладан ғана күтуге үйрету. Егер сен өзіңе ақысы бар немесе ақысы жоқ біреуге жақсылық жасасаң, онда бұл ісің Алламен жасалған қарым-қатынас екенін білгейсің. Сол себепті өзің игілік еткен пенденің шүкіріне мән берме. Бұл туралы Алла Тағала Өзінің таңдаулы құлдары жайында былай деген:

{إِنَّمَا نَطْعُمُكُمْ لَوَجْهِ اللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنْكُمْ جَزَاءً وَلَا شُكْرًا ۝۹}

"Шын мәнінде біз сендерді Алланың дидадары үшін тамақтандырамыз. Сендерден сый да, алғыс та қаламаймыз 9"

[Инсан:9].

Бұл әсіресе отбасыңмен, бала-шағаңмен және олармен тығыз қарым-қатынаста болғанда ерекше байқалады. Қашан сен нәпсіңді оларға жамандық ойламауға үйретсең, онда өзің де тыныштық тауып, оларға да тыныштық сыйлайсың. Жан рахатына жетелейтін себептердің бірі – ізгі істерді өзіңді мазалайтын артық қиыншылықсыз, жан қалауымен орындау. Себебі бұралаң жолды таңдасаң, ізгілікке жете алмай, үмітің үзілген күйде кері қайтасың. Міне, бұл – даналық.

Сондай-ақ, көңілсіз жайттардан жақсы әрі жағымды нәрселерді көре білу де даналыққа жатады. Сол арқылы шынайы ләззаттар артып, уайым-қайғылар сейіледі.

Зияндыны емес, пайдалы нәрселермен айналысу. Пайдалы істерді көз алдыңа қойып (мақсат қойып), соларды жүзеге асыруға тырыс! Уайым мен қайғы-мұңға себеп болатын зиянды істерге көңіл бөлме. Маңызды істерге кірісерде тынығу мен зейініңді жинақтау арқылы күш-қуат ал.

Істерді сол мезетте шешу (кейінге қалдырмай орындау). Пайдалы істердің бірі – амалдарды дер кезінде бітіріп, болашақ үшін уақытты босату. Өйткені, егер амалдар уақытында бітірілмесе, бұрынғы бітпеген амалдарға кейінгілері қосылып, олардың жүгі ауырлай түседі. Ал егер әрбір істі өз уақытында бітіріп отырсаң, болашақтағы істерге ойыңды толық жинақтап, күш-жігеріңмен кірісесің.

Кеңес сұрау арқылы бірінші кезектегі маңызды істерді алға қою. Пайдалы істердің ішінен ең маңыздысын, одан кейін маңыздылығына қарай келесісін таңдауың керек. Сондай-ақ, жаның бейім болып, ықыласың артатын істерді айқында. Өйткені, бұған қарсы нәрсе — жалығу, зерігу және көңілдің бұзылуына себеп болады. Бұл жолда дұрыс ойлануға және кеңесуге сүйен. Кеңескен

адам өкінбейді. Істегің келген нәрсені жан-жақты, мұқият зертте. Егер оның пайдасы айқын болып, нақты шешім қабылдасаң, онда Аллаға тәуекел ет. Расында, Алла тәуекел етушілерді жақсы көреді.

Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббысы Аллаға тән.

Алланың салауаты мен сәлемі мырзамыз Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына болсын! (Б.Ж.)

الفهرس

Бақытты өмірге жетелейтін тиімді жолдар	2
Бақытты өмірге жетелейтін тиімді жолдар	2
Жазған	2
Шейх Абдуррахман ибн Насыр Әс-Сағди (Алла оны рахымына алсын)	2
Кіріспе	2
БӨЛІМ: ИМАН ЖӘНЕ ІЗГІ АМАЛ	3
Бөлім: Пайдалы істермен немесе пайдалы ғылыммен айналысу	10
БӨЛІМ: АЛЛАНЫ КӨП ЕСКЕ АЛУ	13
БӨЛІМ: УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕРДІ ЖОЮҒА ЖӘНЕ ҚУАНЫШ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҰМТЫЛУ	16
Бөлім: Ең нашар жағдайларды есепке алу	18
Бөлім: Жүректің қуаты, мазасызданбауы және толқымауы.	19
Тарау: Жанды өзгелердің кемшіліктеріне сабыр етуге бейімдеу	21
Бөлім: Уайым-қайғыға берілмеу жайлы	23